

**«Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» оқу-әдістемелік кеңесінің
ХАТТАМАСЫ №1**

Өткен күні: 29.09.2021 ж.

Қатысқандар: 31

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2021-2022 оқу жылына университет оқу-әдістемелік кеңесінің құрамын бекіту.
Жұмыс топтарын, жетекшілерін бекіту.

Баяндамашы: академиялық мәселелер жөніндегі проректоры м.а. А.Е. Чукуров

2. Университет оқу-әдістемелік кеңесінің 2021-2022 оқу жылына жұмыс жоспарын бекітуге ұсыну.

Баяндамашы: академиялық мәселелер жөніндегі проректоры м.а. А.Е. Чукуров

3. 2021-2022 оқу жылына ашық сабақтарды бекітуге ұсыну.

Баяндамашы: ББ академиялық сапасын арттыру және ДКЕ кеңесінің басшысы Ж.О.Сүлейменова

4. Өртүрлі мәселелер

- 4.1 Университет профессор-оқытушы құрамының оқу, оқу-әдістемелік құралдарын 2021-2022 оқу жылы бастаға шығару жоспары.

Баяндамашы: Оқу-әдістемелік басылымдардың, оқулықтардың, құралдардың сапасын қамтамасыз ету жұмыс тобының жетекшісі

Оқу-әдістемелік кеңестің отырысын кеңес төрағасы А.Е.Чукуров ашты. Жаңа оқу жылындағы жаңа отырысқа сәттіліктер тілеп, биылғы жаңа құраммен таныстырды.

Күн тәртібіндегі

1-мәселе 2021-2022 оқу жылына университет оқу-әдістемелік кеңесінің құрамын бекіту. Жұмыс топтарын, жетекшілерін бекіту бойынша Асхат Ералыұлы сөз алды. Ол университет оқу-әдістемелік кеңесінің 2021-2022 оқу жылына жұмыс жоспарымен таныстырды, талданып, бекітуге ұсынылды. Өр пән секция жетекшілерін таныстырып өтті. Жаңа құрамды бекітуге ұсыныс жасады. Кеңес құрамы бірауыздан дауыс берді, қалыс қалған жоқ.

2-мәселе бойынша да оқу-әдістемелік кеңестің төрағасы А.Е.Чукуров сөз алды. Университет оқу-әдістемелік кеңесінің 2021-2022 оқу жылына жұмыс жоспарын бекітуге ұсыныс сұрады. Жаңа жұмыс жоспарын бірауыздан қабылдауға дауыс берді, қалыс қалған жоқ.

3-мәселе бойынша білім бағдарламасының академиялық сапасын арттыру және дамуын қамтамасыз ету офисінің басшысы Ж.О.Сүлейменова 2021-2022 оқу жылында өткізілетін ашық сабақтарды бекітуге ұсыну жөнінде сөз алды. Барлық кафедралардан деканмен бекітілген ашық сабақтар кестесі түсті. Баяндамашы осы ашық сабақтарды бекітуге ұсыныс сұрады. Кеңеске қатысушылар түгелімен дауыс берді, қалыс қалған жоқ.

4-өртүрлі мәселелерде оқу-әдістемелік кеңес мүшесі Б.Т.Абыканова сөйледі. Ол қауымдастырылған профессор Б.У.Куанбаеваның авторлығымен жазылған «FLASH көмегімен физикалық интерактивті лабораториялық жұмыстарды жасақтау» атты оқу құралына қатысты пікірін айтты. Оқу құралында оқу үдерісінде интерактивті оқыту модульдерін қолданудың тиімділігінің әдістемелік аспектілері талданып және физика курсының молекулалық физика және электродинамика бөлімдері бойынша интерактивті лабораториялық жұмыстардың мазмұны берілген. Ұсынылған молекулалық физика және электродинамика бөлімдері бойынша интерактивті лабораториялық жұмыстар танымдық-

ізденіс түрінде, игерген білімді тереңдету үшін әртүрлі логикалық операцияларды (анализ, жинақтау, синтез, негізгіні айқындау, қорытындылау) орындауда маңызы зор.

Екінші оқу құрал психология ғылымдарының кандидаты Иманғалиева Нұрсұлу Темірболатовна мен "Мектепке дейінгі, бастауыш білім беру" кафедрасының аға оқытушысы Абилова Орынгүл Асылбекқызының соавторлығымен «Мектепте оқытуға педагогикалық-психологиялық даярлық» оқу құралы жөнінде де айтып өтті. Көлемі 7.4 баспа табақ. Оқу-әдістемелік құралын оқу-әдістемелік кеңеске ұсыну үшін барлық құжаттар толық жалғанған. Оң пікір білдірілген сын пікірлер (екі сын пікір) жалғанған және оқу-әдістемелік құрал антиплагиат жүйесінен өткен деп Б.Т.Абыканова аталған оқу құралдарын жарыққа шығару үшін қажетті барлық құжаттары талапқа сай рәсімделгенін ескере отырып, университеттің Ғылыми кеңесіне шығаруға ұсыныс береміз деді.

Ұсыныс бірауыздан қабылданды.



Оқу-әдістемелік кеңесі шешім етеді:

1. 2021-2022 оқу жылына университет оқу-әдістемелік кеңесінің құрамы бекітілсін. Жұмыс топтары мен жетекшілері бекітілсін
2. Университет оқу-әдістемелік кеңесінің 2021-2022 оқу жылына жұмыс жоспарын бекітілсін.
3. 2021-2022 оқу жылына ашық сабақтарды бекітілсін.
4. Б.У.Куанбаеваның авторлығымен жазылған «FLASH көмегімен физикалық интерактивті лабораториялық жұмыстарды жасақтау» және Н.Т.Иманғалиева мен О.А.Абилованың соавторлығымен «Мектепте оқытуға педагогикалық-психологиялық даярлық» оқу құралдарын Ғылыми кеңеске ұсынысылсын.

Кеңес соңында кеңес төрағасы А.Е.Чукуров күн тәртібіндегі қаралған мәселелер жөнінде қорытынды жасалды.

Оқу-әдістемелік кеңес төрағасы:

Хатшы:

 А.Чукуров
 Г.Нұрсұлтанова